

*«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі*

*Бастау ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*

**2023-2024 оқу жылындағы жыл бойы жүргізілген Бастау ауылы №2 жалпы білім беретін орта мектебінің педагог-психологтың жүргізілген жұмысының есебі.**

2023-2024 оқу жылында мектепшілік мектеп педагог -психологтың жылдық жоспары құрылды. Жыл бойы психологиялық жұмыстар төмендегідей бес бағыт бойынша жүргізіледі.

1. Психодиагностика
2. Дамыту-түзету / коррекция/ жұмыстары
3. Психологиялық ағарту жұмыстары
4. Психологиялық кеңес беру
5. Әлеуметтік –диспечерлік қызмет

Осы оқу жылында 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне байланысты жүргізілген психологиялық профилактикалық диагностикалық жұмыстары алынады

Мақсаты: Баланың мектепке дайындығын, яғни есте сақтауын, ойлауын және зейінінің даму барысын бақылау.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау барысы оқушылармен психологиялық, профилактикалық, диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс барысында төмендегідей жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

«Керн- Йирасек» әдістемесі бойынша

Деңгейлері	1 сынып	
Жоғары деңгей	4	57%
Орташа деңгей	3	42%
Төмен деңгей	-	-

Берілген тапсырмалар; Ер адамның суретін салу, жазба әріптерін көшіріп жазу; берілген нүктелерді көшіріп салу.

**Мүғалімдерге кеңес:**

Жаңадан бастап логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Ақыл ойды дамытатын бірнеше тапсырмалар беріңіз.

- ✓ Ешқашан балаға бұйрық беру арқылы оқытпаныз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Баланың
- ✓ әрқайсымен дос ретінде қатынаста болыңыз, мүмкін сізден көмек керек шығар. Кейбір пәндерді меңгеруге қиындық туып жүрсе көмектесіңіз. Ол сізге сенетіндей болсын.
- ✓ Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануы жөнінде ата анасына түсіндіріңіз. Үй тапсырмасы орындап, демалып компьютерге отыру уақыттарын белгілесін.

Ата аналарға кеңес:

- ✓ Баланыздың уақытылы ұйықтауға жатуын қадағаланыз.
- ✓ Мектеп туралы жаман айтпаныз. Баланың көзінше мұғалімдерді сөз қылманыз. Бала Бала тапсырмаларға мектептен әкелген кітаптарына сіздің қызығушылық танытып қадағалайтыныңызды көрсін.
- ✓ Өзіңіз оқыңыз, бала ата анасының бос уақытын тек теледидар мен компьютер алдында өткізбейтінің білсін, қосін.
- ✓ Балаға өз ойын жазбаша жеткізуді үйретіңіз: онымен хат жазып алмасыңыз, бірге хат жазыңыздар. Егер бала сізбен қатты әсер алған оқиғасымен бөліссе сол оқиға жайлы әңгіме құрастырып жазуын өтінеміз ал кешкісін оны барлық отбасы мүшелеріне оқып береміз.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі.


Мақсаты: 5-сынып оқушыларының бір- бірімен қарым -қатынасын, пәнге көзқарасын, мұғалімдерге деген көзқарасын анықтау. Алақай мен 5-сыныпқа барамын тренинг өткізілді.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде, психологиялық тұрғыдан жайлы жағдай жасауына мынадай диагностикалық жұмыстар өткізілді. Мектепке келу мотивациясын анықтауға, жаңа қосылған пәндерге оқушының көзқарасын, сыныптастарымен сынып жетекшісімен жанадан сыныпқа келген оқушылармен, пән мұғалімдерімен, қарым- қатынасын анықтау мақсатында оқушылармен психо диагностикалар өткізіліп тұрды (сауалнама, тренинг жағтығулары, әңгіме) және ата аналарға онлайн кеңестер берілді, оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін талқылап ұсыныс, ақпараттар беріліп отырылды. 5-сыныптардың оқушыларының бейімделуі жақсы сәтті өтті.

Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама Н.Г Лусканова бойынша


Денгейлері	5- сынып	
Жоғары деңгей	6	54%
Орташа деңгей	5	46%
Төмен деңгей	-	-

« Оқу мотивациясын анықтау» Н.Г Лусканова



Сонымен қатар қазан айында Филипстің мектептегі мазасыздық сауалнамасы алынды 5-7 сыныптар аралығында.


Сыныптар	Қалыпты жағдай		Орташа көрсеткіш	
	5	9	82%	2
6	3	75%	1	25%
7	5	71%	2	28.4%



Өзін – өзі бағалау «Баспалдақ әдістемесі» сауалнама алынды, оқушылардың өзін -өзі бағалауларын анықтау мақсатында жүргізілді.

### «Баспалдақ әдістемесі»


Сыныптар	Жоғары		Орташа		Төмен	
	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз	Саны	Пайыз
1	2	30%	5	70%	-	-
2	2	40%	2	40%	1	20
3	1	20%	4	80%	-	-
4	1	16%	6	84%	-	-



1-сынып ата -аналар жиналысы болды. Оқушылардың 1-сыныпқа бейімделуіне кеңестер айтылды. Оқушылардың кәсіби бағытын зертеу жұмыстары жүргізілді.

Кәсіби таңдау туралы Дж. Холланд сауалнамасы алынды.


Бағыты	Сынып	реалистік тип	интеллект уалдық	әлеуметтік тип	компенциялық тип.	танқыр тип.	әртістік тип.
		пайыз	пайыз	пайыз	пайыз	пайыз	пайыз
1	9 сынып	50%	12%	12%	0%	24%	0%
	8-сынып	12,5%	0%	16,5%	16,5%	50%	0%



Е.А Климовтың «Менің қалауым» саралаушы диагностикалық сауалнаманың қортындысы туралы

1	Оқушының аты жөні	Адам табиғат	Адам техника	Адам адам	Адам белгілеу жүйесі	Адам көркем бейне	Адамның өзі
1	10- сынып	1	1	2	0	1	
		20%	20%	40%		20%	
2	11 сынып	1	1	5	1	3	1
		8%	8%	40%	8%	24%	8%

Е.А Климовтың «Менің қалауым»



**Социометрия әдістемесі Джекоб Леви Морено** алынды. 5-7 сыныптардан  
Мақсаты: Ұжым мүшелерінің бір-бірімен эмоционалдық байланысын анықтау және татулығын өлшеу.  
Орындау ережесі: Тестті орындау алдында зерттелінушілерге жауап паракпен жұмыс істеу тәртібі түсіндіріледі. Жауап бланкісі алдын-ала томенде берілген үлгі бойынша даярланады.  
«Мен сіздерге сұрақтары бар парақ таратып беремін. Әр сұраққа терен ойланып, дұрыс жауап беруге тырысыңдар.  
Ұжым мүшелерінің бір-бірімен эмоционалдық байланысын анықтау және татулығын өлшеу. Нәтежесі талданып шығарылды. сынып жетекшілеріне ұсыныстар жасалынды.  
Сонымен қатар 7- сынып «Өмір қымбатсын маған» тренингі жүргізілді 1 сынып оқушыларына «Кішкентай көңілді балалар тренинг. 9-11 сынып оқушыларымен «Жетістікке жету өз қолыңда, «Құқық бұзушылықтың алдын-алут» «Сенімділік күш береді» 9 сынып оқушыларымен 9,11 сынып Емтихан дайындық кезінде кездесетін қиындықтарды жоюға психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілуде.  
5-6 сынып оқушыларына «Дос болайық бәріміз» «Ерекше қайталамбайтын тұлға 7- 8 сынып оқушыларымен «Менің көңіл күйім» 7-9 сыныптар, «Менің өмірлік жолым» «Сәттілік серік болсын» 9,11 сыныптарға Оқушылар бойындағы сенімділікті қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізілді. Сынып «Достық пен махаббат» аралығында тренингілер жүргізілді..  
Сынып жетекшілерге буллинг және кибербуллинг туралы айтылды, «Буллингтің құрбаны болмау» туралы 7-8 сыныптарға , 3-4 сыныптарға «Буллинг және оған қарсы тұру», 6- сынып оқушыларына «Буллингсіз өмір» 9,10 сынып оқушылармен «Кибербуллинг зардаптары» туралы дәріс, Ата-аналарға «Буллинг және оның әсері» презентация және бейне баян сонымен қатар «Жыныстық қол сұғушылықтың алдын-алу жадынамалар таратылды. 11,9 сынып ата-аналарымен «Мамандық таңдаудағы ата-ананың ролі» түсіндіру жұмыстары жүргізілді. . «Зорлық зобылықтың алдын алу» және «Мұғалім этикасы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым қатынасқа байланысты ұстаздарға шағын дәріс жүргізілді.  
Жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез құлықтың алдын алу мақсатында мектеп ұжымымен «Қауіп тобындағы балаларға көмек көрсетудегі вахтерлардың ролі» дәріс жүргізілді.

Псынып түлектеріне «Емтиханға қалай дайыдал керек» жадынама таратылды. Ата-аналармен, оқушылармен, педагогтармен сұраныс бойынша кеңес жұмыстары ұйымдастырылып отырды.

"Кәсіби өсу мектебі" бағдарламасы аясында. Білім беру ұйымдарының мамандары үшін эмоционалды күйзелудің алдын алу бойынша тренинг жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналарға да жоспар бойынша тренинг жүргізілді. Мақсаты: Қатысушыларды бірлесе жұмыс істеуге баулу, атмосфераны құру эмоционалдық қауіпсіздік. Психологиялық клуб мектептерінің жұмыстары жүргізіліп отырды.



Мектеп директорының м.а

Харахыз.Б

Мектеп педагог-психолгы

Мусайф Жанар